

Бекітемін

ИП «Байғонусова З.Я»

«АІ-Адіп» бөбекжай-балабақшасы

Байғонусова З.Я.

Менгеруші:

«31» 2025 ж.



Ата-аналар жиналысының №4 хаттамасы

Тақырыбы: "2025-2026 оқу жылының қорытындысы"

Ересек «Болашақ» тобы

Тәрбиеші: Валиулина Ж.Ж.

2025-2026 оқу жылы

«AL-Adil» бөбекжай балабақшасы
Ересек "Болашақ" тобында өткізген ата-аналар жиналысының
хаттамасы.

Хаттама №4

Күні: 31.05.2026 жыл

Сағат: 18:00

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: 1

Тақырыбы: 2025- 2026 оқу жылының қорытындысы

Мақсаты: Балалардың жеткен жетістіктері мен оқу қызметтерінде өтілген тақырыптар бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылына қорытынды жасау
2. Жаз айына жоспар
3. Денсаулық зор байлық
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен мерекелік іс - шаралар жайлы оқу жылының қорытынды жасау .

Тыңдалды: Әдіскер: - Оқу жылына қорытынды жасау

2025-2026 оқу жылының аяқталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар балалармен өте көп өтті. Сіздер үнемі атсалысып қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды шаралар болды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Ертеңгілікке ерекше дайындалып видеороликпен аналарын барлық нәзік жандыларды ерекше құттықтап әсерлі етіп кешті бастап, ән айтып, би билеп, алғаш сахнаға көрініс көрсетіп, өздерін еркін ұстап жан –жақты көрсетті. Ата аналар сіздерге видеоролик форматында жібердік

Тыңдалды: Тәрбиеші:- Жаз айына жоспар

Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Бүгін сіздермен 2025-2026 оқу жылының қорытындысын жасаймыз. Оқу жылында балалар балабақшадағы күн тәртібіне толық қалыптасты. Өз-өзіне қызмет көрсетуді біледі. Үлкендермен және өз достарымен қарым - қатынас жасауды үйренді. Топта күнделікті оқу қызметтері өтіледі, жылдың басымен салыстырғанда балалар оқу қызметіне әлдеқайда жоғары деңгейде қатысады, өз ойын еркін жеткізе алады. . Алдағы жаз айларында сауықтыру шынықтыру шаралары болады. Олар:

1.1 маусым «Балаларды қорғау күні»

2.Жүректен жүрекке

3.Көңілді тәжірибелер

4.Ән айтып шынығамыз

5.Көңілді интеллектум

6.Аспаздық әлемі

7.Мен актер боламын

8.Әдеби шығармалар әлемі

9.Конституция

Тыңдалды: Балабақша дәрігері: Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар! Оқу жылының аяқталуымен баршанызды құттықтаймыз. Денсаулық бірінші байлық демекші денсаулығымызды қорғау әрдайым өзекті болып қалмақ.Балаларымыздың денсаулығын әрдайым қорғап жүру керекпіз. Еліміздегі жағдайларға байланыс профилактикалық шаралар әр үйде жүргізілуі керек. Балабақшамызда осы жылы балаларымыздың 10% тұмаумен ауырды. Ауырғандар саны өте аз болды. Ауырған балалар үйлерінен емделіп келді. Балабақшаға арнайы денсаулық сақтау орындарынан анықтамалар алып келіп, қабылданды. Жұқпалы аурулар балаларда кездеспеді. Балалар балабақша температуралары өлшеніп, қолдарын залалсыздандырып кіргізілді. Егер, балалар ауырған жағдайда, балаларды толыққанды тексерістен өткізіп, емдік шараларды қолданып келулеріңізді сұраймыз.

Тыңдалды:

Тәрбиеші: Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен мерекелік іс - шаралар жайлы оқу жылының қорытынды жасау .

«Біз « бір жылда не үйрендік?»

- ✓ **Күн тәртібіне бейімделдік ,үйрендік**
- ✓ **Оқу қызметтеріне белсене қатысу, өз ойын айту**
- ✓ **Достарымен жақсы қарым-қатынас орнату**
(кешірім сұрау, рұқсат сұрау, бір-бірін кешіру)
- ✓ **Апайлармен дұрыс қарым –қатынас жасау** (амандасу, тыңдау, кешірім сұрау, рұқсат сұрау)
- ✓ **Өздеріне сенімді тұлға ретінде қалыптасты.**

Өздеріне сенімді тұлға болып қалыптасуда. Оқу жылының аяқталуымен баршанызды құттықтаймыз. 2025 – 2026 оқу жылы баршамыз үшін жемісті болды. Балаларымыз жетістіктерге жетіп, өз дарындылықтарын толықтай көрсете білді. Сауат ашудан толықтай әріптерді танып, дауысты, дауыссызға ажырата алады. Жас ерекшеліктеріне сай есептерді шығара алады. 4 жастағы білу керек білімді толыққанды біледі.

Ата –аналар жиналысының шешімі:


1. Бір жылдық қорытынды өз деңгейінде жасалды.
2. Медик апайдың ұсыныстары мақұлданды.
3. Жаз айларында болатын апталыққа нақты жоспарлар құрылды.

Әдіскер:



Кулқаева Е.П.

Тәрбиеші:



Валлиулинна Ж.Ж

Бекітемін
ИП «Байғонусова З.Я»
«АІ-Аділ» бөбекжай-балабақшасы
Байғонусова З.Я.
Менгеруші: 
«27» _____ 2026 ж.



Ата-аналар жиналысының №4 хаттамасы

Тақырыбы: "Оқу жылының қорытындысы. Балалардың жетістігі"
Кіші «Ақбота» тобы

Тәрбиеші: Жумагелдиева М.А.

2025-2026 оқу жылы

AL-Adil» бөбекжай балабақшасы
Кіші "Ақбота" тобында өткізген ата-аналар жиналысының
хаттамасы.

Хаттама №4

Күні: 27.05.2026

Қатысқандар: 10

Қатыспағандар: 3

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы. Балалардың жетістіктері»

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Кіші жас тобы балаларының бағдарламаны меңгеру нәтижелері.
Баланың даму картасы бойынша жұмыс нәтижелері.
3. Балалардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі.
4. Жаз мезгіліндегі күн тәртібі мен денсаулықты сақтау.
5. әртүрлі мәселелер.

Тындалды:

Тәрбиеші оқу жылы бойы жүргізілген тәрбие және оқу жұмыстарына қорытынды жасады. Балалардың жыл басынан бері алған білімдері, қалыптасқан дағдылары мен жетістіктері туралы айтып өтті.

Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша «Ақбота» кіші тобының тәрбиеленушілері мен баланың даму картасы бойынша тәрбиеші Жумагелдиева М.А.сөз сөйледі.

Ол балалардың дамудың бес саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижелерін ұсынды: дене дамуы, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық

дағдыларды дамыту, балалардың зерттеушілік іс-әрекеттері, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру. Педагог кіші жас тобы тәрбиеленушілерінің ... оқу жылындағы жетістіктерінің мониторинг нәтижелеріне қысқаша талдау жасады.

Балалардың өзіне-өзі қызмет ету, тазалық сақтау, бір-бірімен қарым-қатынас жасау, ойын арқылы білім алу дағдыларының қалыптасқаны атап өтілді.

Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу, күннің ыстығында сақтық шараларын сақтау, суға шомылу кезінде балаларды қараусыз қалдырмау туралы ата-аналарға ескертілді.

Балаларды қорғау күні мерекесіне тәрбиеленушілердің дайындығы мәселелері қарастырылды.

Қаулы:


1. Балалардың жыл бойғы жетістіктері ата-аналар тарапынан қолдау тапсын.
2. Бағдарламаны меңгеру, «Ақбота» кіші топ тәрбиеленушілерінің . Жумагелдиева М.А. оқу жылындағы жетістіктерінің мониторинг нәтижелерін талдау қорытындылары бойынша ... ұжымы мен ата-аналардың мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарын іске асырудағы тәрбие-білім беру іс-әрекеті қанағаттанарлық деп есептелсін.


1.

3. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі қатаң сақталсын.

Балалардың күн тәртібі мен дұрыс тамақтануына көңіл бөлінсін.

4. Әкімшілікпен келісілген және мақұлданған кестеге, СанПиН нормаларына сай Балаларды қорғау күні мерекесіне дайындық жүргізу.

Әдіскер:  Кулқәева Е.П.

Тәрбиеші:  Жумагелдиева М.А.